

Қарағанды Мемлекеттік Медицина Университеті
Қазақстан тарихы және әлеуметтік - саяси пәндер кафедрасы

СӨЖ

Тақырыбы: XVIII ғ мен XX ғ басындағы Қазақстан мәдениеті

Орындаған: Канаева.Ф.Б

116 топ ЖМФ

Тексерген: Абдрахманова К.Ж.

Қарағанды 2011ж

Мазмұны :

- I. Кіріспе
- II. Негізгі бөлім
 - а. Қазақтардың материалдық мәдениеті.
 - ә. Көркемдік баспасөз. Мәдениет
 - б. Халық ағарту ісі
- III. Қорытынды
- IV. Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе

- **Өздік жұмыстың тақырыбы:** XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ хандығының мәдениеті.
- **Мақсаты:** Орта ғасырларда қазақ хандығының мәдениетінің ерекшеліктерін дәріптеу.
- **Міндеті:** Қазақ хандығының рухани – материалдық мәдениетін танып – білу.
- **Өздік жұмыстың түрі:** Слайд-көрме
- **Көрнекі құралдары:** Фото суреттер

а. Қазақтардың материалдық мәдениеті.



Қазақстанның көптеген аудандарында ағаштан, тастардан, шикі қыштан және шымнан тұрғызылатын тұрақты тұрғын үйлер тарады. Қандай материалдан салынғанына қарай оларды «ағаш үй», «жер үй», «кірпіш үй» деп атады. Үйдің аумағы егесінің материалдық жағдайына және от басы құрамына байланысты болды, бірақ тұтас алғанда ол үйлер көшпелі тұрмыс жағдайына барынша бейімдендіріліп салынды.

Киіз үй — Орталық және Орта Азия халықтарының негізгі баспанасы. Ол — көшпенділердің тез жығып, шапшаң тігуге, яғни көшіп-қонуға ыңғайлы үйі.

Көшпенділердің киіз үйі — тарихымыздағы ең бірінші сәулеттік құрылыс. Киіз үйдің іші қыста жылы, жазда салқын. Сондықтан, шопандар да, туристер де пайдаланады. Киіз үй жер сілкінісінде де ыңғайлы, өйткені ол оңайлықпен бұзылмайды. Қазақстан жер сілкінісінен зардап шеккен елдерге шатырдың орнына киіз үйлер апарып жүр



Қазақтың ұлттық киімінде этникалық, экономикалық және климаттық жағдайларына байланысты ежелгі дәстүрлері бейнеленді. Киім мауытыдан, жүн және жібек матадан, киізден және аң терісінен тігілді. Қазақтарда құланның, ақ бөкеннің, жолбарыстың, жанаттың, бұлғынның, сусардың, ақ тышқанның терілері ерекше қымбат бағаланды.

Теріден жасалатын киімдер

Сырт киімдер: Аба; Бота ішік; Жарғақ; Тайжақы; Тақыр шалбар; Тон.

Бас киімдер: Бөрік; Құлақшын; Малақай; Тақия; Тымақ.

Аяқ киімдер: Кебіс; Мәсі; Мықшима; Саптама етік; Шарық (Шо-қай); Шоңқайма.



XVII ғ. аяғында бір белігі Орта Азия қалаларынан сатылы алынған, бір белігін қазақтардың өздері жасаған мылтықтар пайдаланыла бастады. Мылтықтардың білтемен атылатын жән күмістен әшекей салынған — білтелі мылтық, әшекейсіз — кара мылтық, қысқа ұңғылы — самқал деген бірнеше түрі болды. Оғы жеті жүз метрдей жерге жететін қысқа ұңғылы мылтық «қозы кеш» деп аталды. Оқ-дәріні қазақтардың өзі әзірледі, бір бөлігін көрші елдерден сатып алды. Қайың сырғауылдарынан жасалатын сойылдар мен шоқпарлар пайдаланылды, бірақ, соғыс кезінде олар сирек қолданылды.



Қазақтардың тамағы негізінен ет және сүт өнімдерінен құралды. Сүт тағамы әр түрлі болды. Бие сүтінен — қымыз, түйе сүтінен — шұбат дайындалды. Сиырдың, ешкі мен қойдың сүті негізінен алғанда айран ұйытуға, май пісуге, әр түрлі құрт, ірімшіктер жасауға пайдаланылды.

Қазақтардың сүйсініп-ішетін сусындарының бірі — айран болды. Айранға су араластырылған сусынды «шалап» деді. Күбінде пісіп, сүттен май алды. Ол майдың ұзақ сақталуы үшін оны суық сумен шайып, тұздап, қарынға салды. Қазақтардың тағам түрлерінде құрт-ірімшіктер маңызды орын алды. Ашыған айран жиынтығынан сығымдалып, күнге кептіріліп жасалатын құртты қысты күндері ыстық сорпаға ерітіп ішті. Сүттен сары ірімшік, ақ ірімшік және басқа тағамдар жасалды.

ә. Көркемдік баспасөз. Мәдениет

XIX ғ. қазақ баспасөзінің өмірге келуі басталды. 1870 ж. 28 наурызда «Түркістан уәлаяты» газетінің бірінші нөмірі шықты. Олі қазақ және өзбек тілдерінде шығарылды. Оның беттерінде Шоқан Уәлиханов туралы, Маңғыстау қазақтарының көтерілісі (1870 ж.) және басқа оқиғалар жөніндегі материалдар басылды.

1911 ж. бірінші қазақ журналы «Айқап» жарық көрді, өмір сүрген төрт жылы ішінде оның 88 нөмірі шықты. 1913—1918 жж. «Қазақ» газеті шығарылып тұрды. «Айқап» пен «Қазақ» қоғам әмірінің барлық жақтарын жазып тұрды. Олар қазақтардың отырықшылықты өмір сүруге көшуін, сөйтіп, егіншілік мәдениетін меңгеруін жақтады және сонымен бірге көшпеліліктің маңызы мен өмірден алар орнын да теріске шығармады. Бұл басылымдар сондай-ақ әйел және ұлт мәселелерін батыл көтерді, дәрігерлік, агрономиялық білімдерді таратты. Бүкіл қазақстандық съезд шақыру идеясын қолдады.





Қазақ авторларының кітаптарын шығару ұлғайды. Петербургте, Қазанда, Орынборда, Ташкентте Абай Құнанбаевтың, Шоқан Уәлихановтың, Ыбырай Алтынсариннің, Ахмет Байтұрсыновтың, Міржақып Дулатовтың, Әбубәкір Диваевтың және көптеген басқалардың шығармалары басылып шықты. 1912 ж. Семейде қазақ тіліндегі кітаптарды шығаруға мамандандырылған «Жәрдем» баспаханасы құрылды. Қазан революциясына дейін қазақ тілінде шамамен 700 атаулы кітап (қайта шығарылғандарын есептемегенде) басылып шығарылды. Сайып келгенде өзгерістер қазақ қоғамы мәдениетінің барлық жақтарын шарпыды.

Алайда, халыққа осы рухани байлақтар мен мәдениет жетістіктерінің бәрі бірдей жете қойған жоқ. Бұған халықтың жаппай сауатсыздығы, мәдени-ағарту мекемелерінің өте аздығы, царизмнің отаршылдық саясаты зардапты әсер етті.

б. Халық ағарту ісі

Халықтың сауаттылығы. XIX ғ. ортасына дейін қазақ балаларын оқыту — құран сүрелерін ұғынбай жаттап алу басты жетістік саналатын мектептерде жүзеге асырылды. Оларда мұғалімнің міндетін кебінесе оқыту жоспарлары мен методикасынан ешбір хабары жоқ молдалар атқарды. Мұсылман мектептерінде негізінен ер балалар оқыды. Мұның өзі әйелдер сауатсыздығының жоғары дәрежеде қалуы себептерінің бірі болды. Мысалы, 1884 ж. Верный, Қапал және, Сергиополь уездерінің мұсылман мектептерінде 47,5 мың ер бала және бар болғаны 17,3 мың қыз балалар оқыды. 1895 ж. «Киргизская степная газета» мұсылман мектептеріндегі сабақтың, өтуін суреттеп, былай деп жазды: «Балалар оқитын киіз үйден жан дәрменімен айқайлаған ащы дауыстар естіді. Әр оқушы өзінің сабағын айқайлап оқиды... Осылайша оқыту төрт жылдай уақытқа созылады. Осы мерзім біткеннен кейін оқушылар білім алудың толық курсынан өтіп, оны ешнәрсе де білмеген, бұрынғы надандық қалпында қалған күйінде тамамдайды».

Қазақстан халқының барып тұрған сауатсыздығы 1897 ж. халық санағын жүргізу барысында, ол ең алдымен сұралғандардың орысша оқи білетіндігін ғана жазып белгілегенімен, айқын аңғарылады. Ана тіліндегі сауаттылық сұраққа жауап қайтарушы орысша оқи білмейтінін айтқан жағдайда ғана белгіленді. Алайда санақ материалдары жекелеген халықтардың сауаттылық дәрежесін қамтып көрсете алмады. 1897 ж. санақ материалдары бойынша өлке халқының 8,1 проценті ғана сауаты барларға жатқызылды, еркектердің сауаттылары олардың 12 процентін, әйелдердің сауаттылары —3,6 процентін құрады. Әліппелік сауаттылықтың біршама жоғары дәрежесі қоныс аударушылардың негізгі бөлігі тұратын солтүстік-шығыс губернияларынан байқалды.

Діни білім беру жүйесінде медресенің ықпалы зор болды. Олар молдалар, мектеп оқытушыларын даярлады және міндетті түрде мешіттер жанында жұмыс істеді. Медресенің үлгісіне қарай олардағы оқу мерзімі — үш жылдан төрт жылға дейін созылды. Олардың шәкірттері ісләм дінін үйренумен қатар, философиядан, астрономиядан, тарихтан, лингвистикадан, медицинадан, математикадан мағлұматтар алды.

Бұл ортадан қазақ мәдениетінің А. Құнанбаев, С. Торайғыров, М. Жұмабаев, Б. Майлин және басқалар сияқты аса ірі қайраткері шықты.

- Азаматтық тұңғыш қазақ мектебі Бөкей Ордасында Жәңгір ханның инициативасымен 1841 жылдан жұмыс істей бастады. Бұл мектептің оқушылары орыс тілін, математиканы, географияны, шығыс тілдерін, сондай-ақ ісләм дінін оқып-үйренді. Қазақ балаларына арналған келесі оқу орны Орынбор қаласында Шекаралық комиссия жанынан ашылған жеті жылдық мектеп болды.

1850 жылы осы Орынбор Шекаралық комиссиясы жанынан тағы бір азаматтық мектеп ашылды. Жұмыс істеген 19 жыл ішінде ол 48 адамды оқытып шығарды. 1857 ж. бұл мектепті Ы. Алтынсарин табысты бітіріп шықты.

Бастауыш және орта оқу орындары шәкірттерінің құрамында қазақ балаларының саны шамалы ғана болғанды. Айталық, 1911 ж. Верный ер балалар гимназиясында 316 орыс және бар болғаны 10 ғана қазақ баласы оқыды. 1912 ж. мәліметтері бойынша Сырдария облысында 56 орыс-жергілікті халық училищесі болса, оларда 3 мың жергілікті тұрғындардың балалары білім алды. Ал бұл олардағы барлық оқушылар санының 2 процентін ғана құрады.

III. Қорытынды

Бір жағынан қазақ қоғамының дәстүрлі негіздерінің талқандалуы және екінші жағынан — жаңа қоғамдық-экономикалық қатынастардың қабылдануы адамдар қызметінің бұрын белгісіз түрлерін өмірге алып келді. Еңбектің қоғамдық белінуінің тереңдей түсуі халықтың мәдениеті мен рухани өміріне шынайы әсер етті. Қазақстан Ресейдің, Англияның, Францияның және басқа мемлекеттердің мүдделері түйіскен жерінде қалған, сөйтіп, өлкені өнеркәсіптік-көліктік, саудалық және басқа тұрғыдан игеру ийтарлықтай тездетілген жағдайда ғылым, техника, мәдениет жетістіктерін кім ертерек меңгерсе, сол халықтың тарихи болашағы жарқын болатындығын түсінушілік қоғамдық санада берік орнықты. Халықтың неғұрлым оқымысты өкілдері мұғалімдердің ұлы міндетін өз еріктерімен мойындарына алды, өздерінің білімдерімен өлкенің мәдениетін дамытуға ат салыса бастады. Бұрынғы салттарды, дәстүрлерді, әдет ғұрыптарын сақтау және жаңадан жаңғырту үшін қажетті кеңістіктер едәуір шектелді, бірақ сонымен бірге жаңа әлеуметтік-мәдениеттік бағалықтар мен нысаналар пайда болды.

Қолданылған әдебиеттер:

- Т.С.Садықов, Ә.Т.Төлеубаев, Ғ.Халидуллин, Б. Сәрсекеев.Ежелгі Қазақстан тарихы.А., Атамұра, 2006 ж., 160 бет.
- Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, 4 том.
- Сайт беттері: Wikipedia, sachok.kz.
- Мұратхан Қани.Қазақстанның көне тарихы.
- Ж.О.Артықпаев, Ә.Б.Пірманов.Қазақстан тарихы.А., Атамұра, 2008 ж., 544 бет.
- Қуатов Б. Отанымыздың тарихы туралы саяси әңгіме. А., Білім, 1993 ж.